



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел. 55-66-31, 55-66-35, факс. 55-72-94

№

02.06.17 № 4 гс

**Тұрақты комиссияның
2017 жылғы 2 маусымнан
қаулысы**

**«Астана қаласы пәтер иелері
кооперативінің қызметін
жетілдіру туралы» тұрақты
комиссияның 2016 жылғы
27 қазандағы қаулысын
орындау туралы**

«Астана қаласы тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ басшысы А.Ж.Қуатбековтың «Астана қаласы пәтер иелері кооперативінің қызметін жетілдіру туралы» тұрақты комиссияның 2016 жылғы 27 қазандағы қаулысын орындау туралы» ақпаратын тыңдап, талқылай келе қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы қалада астанадағы тұрғын үй қорын күтіп ұстау қағидаларын қадағалау бойынша мәслихаттың көпшілік тыңдаулар ұсыныстарын жүзеге асыру жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Астана қаласының аумағында жалпы алаңы 21 млн. шаршы метрді құрайтын 2478 көп пәтерлі тұрғын үйлер, 419 пәтер иелері кооперативі мен қызмет көрсету ұйымдары бар. Қызмет көрсетудің орташа нарық құны шаршы метрге 45 теңге.

«Астана қаласы тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ кондоминиум объектілерін тіркеу жұмыстары жүргізілді. Ағымдағы жылдың маусым айына Астана қаласындағы тіркелген кондоминиум саны 94 пайызды құрайды.

2016 жыл бойына 175 жоспардан тыс тексерулер өтті, ПИК және қызмет көрсету ұйымдарына қатысты міндетті түрде орындалуы тиіс 117 нұсқама берілді. Сот органдарына орындалмаған нұсқамалар бойынша 21 материал шешім шығару үшін жіберілді. ПИК және қызмет көрсету ұйымдарының 70 пайызы пәтер иелеріне тоқсан сайын есеп беріп тұрады.

Тұрғын үй қорын сақтау және тиімді пайдалануды ұйымдастыру бойынша іс-шаралар атқарылуда. Техникалық зерттеуді қажет ететін 1950-2000 жылдары салынған жалпы алаңы 120 мың шаршы метрді құрайтын 1416 көп пәтерлі тұрғын үйлердің тізімі белгіленді.

2013-2016ж.ж. аралығында 537, оның ішінде 372 апаттық жағдайдағы көп пәтерлі тұрғын үйлер техникалық зерттеуден өтті. 2017 жылдың соңына дейін 228 көп пәтерлі тұрғын үйлер, 2018-2020ж.ж. 144 үй бұзылуы қажет.

Астана қаласында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты модернизациялау аясында ортақ мүлік күрделі жөндеуден өткізілуде. Осы мақсатта 2016 жылы 3 көп пәтерлі үй күрделі жөндеуден өткен.

2016 жылдың қорытындысы бойынша әрбір ПИК және қызмет көрсету ұйымдарының қызметі бойынша порталда рейтингтік бағалар шығарылған, бұл пәтер иелеріне қызмет көрсетуші ұйымдарының бағасын көруге мүмкіндік береді.

Астана қаласының ішкі істер Департаментінің жергілікті полиция қызметі аудан әкімшілігі аппаратымен бірге пәтер иелері кооперативтерінің Астана қаласы аумағында абаттандыру, санитарлық күтіп ұстау, жинап-тазалауды ұйымдастыру мен тазалықты сақтау қағидаларын қадағалау бойынша жұмыс жүргізуде. Абаттандыру қағидаларын сақтамаған жағдайда, бұзушыларға қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік шаралар қолданылады.

Ағымдағы жылдың басынан Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекстің 505-бабы бойынша құқық бұзушылықтары үшін айыппұл сомасы 5 196 010 теңгені құрайтын 104 қызмет көрсетуші ұйымдар тартылды.

Сонымен бірге, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы астанадағы тұрғын үй қорын күтіп ұстау қағидаларын қадағалау бойынша мәслихаттың көпшілік тыңдаулар ұсыныстарын жүзеге асыру жұмыстары ары қарай жетілдіруді қажет деп санайды.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бойынша тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Астана қаласы пәтер иелері кооперативінің қызметін жетілдіру туралы» тұрақты комиссияның 2016 жылғы 27 қазандағы қаулысын орындау жөнінде» ақпараты назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне, «Астана қаласының тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ, астананың департаменттері мен басқармалары басшыларына «Астана қаласы пәтер иелері кооперативінің қызметін жетілдіру туралы» тұрақты комиссияның 2016 жылғы 27 қазандағы қаулысын толықтай орындау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру ұсынылсын.

**Құрылыс, экология, көлік,
сауда және тұрғын үй-
коммуналдық шаруашылық
жөніндегі тұрақты комиссия
төрағасы**



С. Жунусов